



# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ

- 7M04204 – Құқықтану (кәсіптік бағыт)

## БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ

Негізгі білімі мен практикалық дағдылары, жоғары жауапкершілігі бар, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, жаңа технологияларды меңгерген, мамандығы бойынша тиімді жұмыс істеуге қабілетті заңгерлерді, академиялық дәрежені – «құқық магистрі» даярлау.

## КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ

Мемлекеттік басқару, құқықтық реттеу, заңгерлік біліммен байланысты қызмет саласы, құқық бұзушылықтың алдын алу, тәрбиелеу.

## ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

**ОН1** - мамандықтың жоғары әлеуметтік маңыздылығын, кәсіби этика принциптерін түсінеді, пәндік саланы, ғылыми өлшемдерді, ғылым, білім беру жүйесінің даму тенденцияларын, нормативтік құқықтық актілерді және электрондық құжаттаманы жүргізу негіздерін ғылыми-педагогикалық қызметте пайдаланады;

**ОН2** – психологиялық-педагогикалық зерттеу әдістерін қолданады, өнімді, гипотезаны, құбылысты немесе оқиғаны жүйелі түсіндіру үшін әртүрлі көздерден алынған ақпаратты талдайды, синтездейді, шығармашылықпен түрлендіреді, педагогикалық қызметке шығармашылық, зерттеушілік көзқарас танытады;

**ОН3** - Әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шешуде философиялық мәселелерді талдайды және бағалайды;

**ОН4** - құқықтық қызметтің нақты салаларында нормативтік құқықтық актілерді білікті қолданады, кәсіби қызметте материалдық және іс жүргізу құқығының нормаларын іске асырады;

**ОН5** - заң қызметінің нақты саласында қолданылуға жататын құқықтық нормаларды білікті түрде айқындайды;

**ОН6** - стандартты емес құқықтық жағдайлар жағдайында құқықтық нормаларды нақтылайды (құқықтағы олқылықтар, құқықтық нормалардың қайшылықтары, жалпы нормалар мен қағидаттарды нақтылау қажеттілігі, бағалау пікірлерінде нақты мазмұнды анықтау және т. б.);

## ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

**ОН7** - қылмыстар мен өзге де құқық бұзушылықтарды анықтайды, жолын кеседі, ашады және тергейді;

**ОН8** - құқық бұзушылықтардың алдын алуды жүзеге асырады, олардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтайды және жояды;

**ОН9** - құқық саласындағы ақпараттық технологияларды тиімді пайдаланады;

**ОН10** - құқықтық ақпаратты талдайды және мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде тиісті тұжырымдар мен қорытындыларды сауатты тұжырымдайды;

**ОН11** - оқу, ғылыми, кәсіби және әлеуметтік-мәдени салаларында қарым-қатынаста , шетел тіліндегі мамандық терминологиясымен байланысты жүзеге асырады, жарияланымдар дайындайды, презентациялар өткізеді, пікірталастар жүргізеді және шет тілінде ұсынылған жұмысты қорғайды

**ОН12** - ғылыми жұмысты қолданыстағы талаптарға сәйкес, соның ішінде электрондық-есептеу техникасы құралдарын пайдалана отырып ресімдейді.